

## Өнімнің көрі экспортына рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 539 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 желтоқсанда № 12450 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 16 мамырдағы № 355 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 19) тармақшасына және "Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.07.2020 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Өнімнің көрі экспортына рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың инtranet-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

2015 жылғы 20 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

А. Сәрінжіпов

2015 жылғы 17 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жылғы 3 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі

И. Тасмағамбетов

2015 жылғы 9 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі

Е. Ыдырысов

2015 жылғы 23 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы

Н. Абықаев

2015 жылғы 11 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 24 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

2015 жылғы 10 тамыз

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі

№ 539 бұйрығымен

бекітілген

## **Өнімнің кері экспорттына рұқсат беру қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.07.2020 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнімнің кері экспорттына рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) "Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 19) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспорттына рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. "Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспорттына рұқсат беру 1 (бір) жыл мерзімге беріледі.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) өтініші арқылы:

Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары үшін:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталына [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (бұдан әрі-портал); шетелдік заңды тұлғалар үшін:

- 1) порталға;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**5. Алып тасталды - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қагидаларға 1 - қосымшаға сәйкес Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі-Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) сәйкес құжаттардың электрондық көшірмелерін жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

8. Мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі-30 (отыз) жұмыс күні ішінде.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды қабылдауды және тіркеуді олар түсken күні жүзеге асырады және жауапты орындаушы тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері портал арқылы жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

10. Жауапты орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда қызмет берушінің басшысының немесе оны алмастырушы адамдың электронды цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тартуды (бұдан әрі – Дәлелді бас тарту) дайындайды және оны көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне электрондық құжат нысанында портал арқылы жібереді.

11. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, жауапты орындаушы осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген мерзім ішінде "Экспорттық бақылау саласында рұқсат беру құжаттарын берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1083 қаулысына сәйкес оларды келісу үшін экспорттық бақылау жүйесінің тиісті мемлекеттік органдарына сұрау салу жібереді.

Экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары көрсетілетін қызметті берушінің сұрау салуы негізінде 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге қарау нәтижелері туралы жауап жібереді.

Экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары белгіленген мерзімде жауап бермеген жағдайда рұқсат беру келісілген болып есептеледі.

12. Жауапты орындаушы экспорттық бақылау жүйесінің тиісті мемлекеттік органдарына сұрау салумен бір мезгілде оның түпнұсқалылығын тексеруді растау (бұдан әрі-растастау) алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған импорттаушы елдің кепілдік міндеттемесін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспортына рұқсатты көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен осындай растауды алғаннан кейін береді.

13. Жауапты орындаушы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен Растауды алғанға дейін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды тексереді.

14. Жауапты орындаушы экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарынан жауап қаралғаннан және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен растау алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға арналған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін-рұқсатты дайындаиды.

Мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тындауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тындау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын қызмет алушының өтініште көрсетілген электрондық поштасына жіберіледі. Тындау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тындау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат береді немесе мемлекеттік қызметтің көрсетуден дәлелді бас тартады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 13.05.2022 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кенесе-қолма-қол;
- 2) портал-электрондық түрде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметтің көрсету кезінде мемлекеттік қызметтің көрсету сатысы туралы деректер Мемлекеттік қызметтердің көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары түрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңдының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 13.05.2022 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**18. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**19. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа жүгінуге жол беріледі.**

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 13.05.2022 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**20. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 13.05.2022 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**21. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 13.05.2022 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Өнімді көрі экспорттауға рұқсат беру қағидаларына 1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми**

**жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспортына рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетіletіn қыzmettі beruShіnіn atauy	Қазақstan Республикасы Индустрія жәne инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті (бұдан әрі - көрсетіletіn қыzmettі beruShі)
2	Мемлекеттіk қыzmettі ұsyнu тәsіldері	1) www.gov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал); 2) көрсетіletіn қыzmettі beruShіnің кеңесі – шетелдіk занды тұlgalarғa арналғan.
3	Мемлекеттіk қыzmettі kөrsetu мерзіmі	30 (отыз) жұмыс күn iшіnde
4	Мемлекеттіk қыzmettі kөrsetu dіn нысаны	Электрондық (iшіnara автоматтандырылғan) / қaғaz түrіnde
5	Мемлекеттіk қыzmettі kөrsetu nәtiжесі	Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспортау рұқсат немесе дәлелді bas тарту көrsetiletіn қыzmettі beruShі basшысының ne оны алмастыратын тұlganың ЭЦК kойылғan электрондық құjat. Мемлекеттіk қыzmet kөrsetu nәtiжесіn ұsyнu нысаны электрондық түrde
	Мемлекеттіk қыzmet kөrsetu kезіnde өtіnіsh beruShіden alynatыn tөleм mөlшері жәne Қазақstan Республикасының заңnamасында kөzделgen jaғdайларда оны alu тәsіldері	Tегіn
7	Жұмыs кестесі	1) kөrsetiletіn қыzmettі beruShі - Қазақstan Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әrі - Кодекс) сәйкес демалыс жәne мереке күndеріn қospағanда, белгіленген жұмыs кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұma аралығында сағat 13.00-den 14.30-ғa дейіngі тұskи үзіліспен сағat 9.00-den 18.30-ғa дейіn.; 2) портал-жөндегу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қospағanда, тәуліk

Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі

бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүргінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

1. Көрсетілетін қызметті берушінің кенсесіне:
  - 1) осы Стандартқа 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш;
  - 2) осы Стандартқа 2-қосымшага сәйкес мәліметтер нысаны;
  - 3) импортталатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалану және Қазақстан тарапының келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауга жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген алушы елдің кепілдік міндеттемесі (түпкілікті пайдалануышы сертификаты)
  - 4) сыртқы сауда шарты (келісім-шарт), ал ол болмаған жағдайда сыртқы сауда шарттың (келісімшарттың) - ниеттерін растайтын өзге де құжат беріледі. Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен растауы тиіс (болған жағдайда) не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы парактары көрсетілетін қызметті алушының мөрімен және қолымен расталуы тиіс (болған жағдайда).
2. Порталға:
  - 1) осы Стандартқа 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;;
  - 2) осы Стандартқа 2-қосымшага сәйкес мәліметтер нысаны;
  - 3) алушы елдің құзыретті органы берген алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкілікті пайдалануышы сертификатының) импортталатын өнімді

		<p>мәлімделген максаттарда пайдалану және Қазақстан тарапының келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауга жол бермеу туралы электрондық көшірмесі.</p> <p>4) сыртқы сауда шартының (келісімшарттының) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарт) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін растайтын өзге де құжат.</p>
9	Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілдті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болса;;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арналы құқықтан айрылған болса.</p>
		Көрсетілетін қызметті беруші ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.

10

Мемлекеттік қызметті, көрсетудің оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар

Мемлекеттік қызмет көрсетеу орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

- 1) Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі - [www.miid.gov.kz](http://www.miid.gov.kz) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бөлімі";
- 2) көрсетілетін қызметті беруші - [www.comprom.miid.gov.kz](http://www.comprom.miid.gov.kz) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі.
- 3) портал - [www.egov.kz](http://www.egov.kz) мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.

"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің көрі экспортына рұқсат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
1-қосымша  
Нысаны

## Экспорттық бақылауға жататын өнімге қайта экспорттауға рұқсат алу үшін өтініш

1. Кімге _____ (үәкілдеп органның толық атауы)				
2. кімнен _____ (занды тұлғаның (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру номірі, занды тұлғада бизнес-сәйкестендіру номірі болмаған жағдайда - шетелдік занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру номірі/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру номірі; занды (накты) мекенжайы, телефоны				
3. Жөнелтуші ел:				
4. Алушы ел:	5. Түпкілікті пайдалануши (толық атауы, мекен-жайы, телефоны))			
6. Рұқсатка сұрау салу үшін негіздеме (сыртқы сауда шарты (келісімшарт), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарт) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін раставайтын өзге құжат, № және қол қойылған күні):				
7. Өнімнің атауы :  :	8. СЭК ТН бойынша өнім коды:	10. СЭК ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі және қосымша):	12. Келісім шарт валютасы:	13. Құны:
	9. Бақылау тізімдері бойынша өнім коды	11. Саны:		
14. Басшы _____ қолы (аты-жөні (боланға жағдайда) М.О.(боланға жағдайда) Толтыру күні: 20__ жылғы "__ __"				
15. Уәкілдеп орган _____ (үәкілдеп органның толық атауы))				

Өтініш

20\_жылғы "\_\_\_\_\_" қараша қабылданды

16. Рұқсаттың ерекше шарттары

"Экспорттық бақылауға  
жататын өнімнің кері  
экспортына рұқсат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына  
2-қосымша  
Нысаны

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспортына рұқсат алу үшін\* мәліметтер нысаны

1. Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (кайта тіркеу) № және күні.

занды тұлға үшін: \_\_\_\_\_;

2. Жеке басын куәландыратын күжат № , күні, берген мемлекеттік органның атауы

жеке тұлға үшін: \_\_\_\_\_

3. Өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің № және

берілген күні - дара кәсіпкер үшін:

\_\_\_\_\_;

4. Бұрын берілген Қазақстан Республикасынан өнімді экспортқа шығаруға рұқсат беру құжаты бойынша ақпарат

Экспорттық бықалауға жататын өнімдерді экспортқа арналған лицензияның №

берілген күні

(күні / айы / жылы) \_\_\_\_\_. \* \_\_\_\_\_

шетелдік занды тұлға болып табылатын өтініш беруші, шетелдік адам үекілетті органға өтініш беруші занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (кайта тіркеу) туралы құжатты – занды тұлғалар үшін; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін – жеке тұлғалар үшін; дара кәсіпкер ретінде өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің көшірмесін – дара кәсіпкер үшін ұсынады. Оnda көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда өтініш беруші туралы ұқсас мәліметтер қамтылған басқа құжаттарды ұсынады

Өнімнің кері экспортына  
руқсат беру қагидаларына  
2-қосымша

нысаны

(Тегі, аты, әкесінің аты  
болған жағдайда  
(бұдан әрі – аты-жөні),  
немесе ұйымның атауы  
көрсетілетін қызметті алушы)

(көрсетілетін қызметті  
алушының мекенжайы)

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өнімді кері экспорттауға рұқсат беру қағидаларына 3-қосымша  
Нысаны

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.06.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті		Комитет индустриального развития Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан
Нұр-Сұлтан қ.		Нұр-Сұлтан қ.
Нөмір:[Құжаттың нөмірі]		Берілген күні: [Берілген күні] жылы
		[Ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, БСН/ЖСН]

#### ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті, Сіздің[күні] жылғы № [кіріс құжаттың нөмірі] өтінішіндегі қарап, мынаны хабарлайды.  
[Бас тарту негізdemесі]

[Қол қоюшының лауазымы]	[Қол қоюшының аты-жөні (болған жағдайда)]
-------------------------	---

Өнімнің кері экспорттына  
рұқсат беру қағидаларына  
4-қосымша  
нысаны

#### Экспорттың бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру.

1. Рұқсат №			
2. Өтініш білдіруші (занды (тұрғылықты) мекен-жайы, телефон):	3. Жөнелтуші ел:		
4. Алушы ел:	5. Соңғы пайдаланушы (толық атауы, мекен-жайы, телефоны)):		
6. Рұқсатты сұрау салу үшін негізде (сыртқы сауда шарты (келісімшарт), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарт) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін раставтын өзге құжат, № және кол қойылған күні):			
7. . Өнімнің атауы және толық сипаттамасы:	8. СЭҚ ТН бойынша өнім коды:	10. СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі және қосымша):	12. Келісім шарттың валютасы
	9. Бақылау тізімдері бойынша өнім коды	11. Саны:	13. Күні:
14 Келісілді:			
15. Уәкілдегі орган			

(күзырлы органның толық атапуы)

Басшы (уәкілдегі тұлға) \_\_\_\_\_

(аты-жөні (болған кезде)

\_\_\_\_\_ қолы

Берілген күні: \_\_\_\_ жылғы" \_\_\_\_ "

Қолдану мерзімі: \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

16. Рұқсаттың ерекше шарттары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК